



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ
6B01510 География
Элективті пәндер каталогы

2.БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛІНІҢ ТАҢДАУ КОМПОНЕНТТЕРІ

Таңдау компоненті 1

Пән: Картография

Еңбек сыйымдылығы: 6 академиялық кредит

Модуль коды: FGP – 5

Модуль атауы: Физикалық география пәндер

Пререквизиттері: Жертану және жаратылыстану

Мақсаты: Табиғат пен қоғам құбылыстарының өзара байланысуын, олардың кеңістіктегі орналасуын, уақыт бойынша өзгеруін, картографиялық кескіндеулерді, географиялық карталар, оларды жасау және пайдалану туралы түсінік қалыптастыру.

Қысқаша сипаттамасы: Пән - географиялық карталар, картографиялық бейнелеу түрлері, карта бойынша өлшеу жұмыстарын жүргізу туралы білім қалыптастырады. Студенттер картографияның теориялық негіздерін, карталардың мазмұнын, математикалық және геодезиялық негіздерін, элементтерін біледі. Карталардың түрлері мен типтерін жіктейді. Карта бойынша масштабын, координаталар жүйесін, шартты белгісін анықтайды. Карталардағы бұрмалану мен картографиялық проекциялардың түрлерімен, географиялық карталарды жасаудың технологияларымен танысады. Карталарды құрастыруды, картаны құру принциптерін, картографиялық кескін жасауды және оны түрлендіруді түсінеді. Географиялық карталарды дұрыс пайдалануды біледі.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 4- География ғылымының теориялық негіздерін, жер шарына тән заңдылықтарды және олардың себептерін біледі, географиялық карталар мен пландарды жасайды, талдайды, картографиялық-геодезиялық өлшеу және далалық зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

БОН 5- География ғылымының тарихын, негізгі мәселелерін, болашағын талқылайды, физикалық-географиялық жағдайды сипаттайды, табиғи аумақтық кешендерді және олардың орналасу ерекшеліктерін ажыратады, географиялық нысандар мен рекреациялық орындарды анықтайды.

БОН 11- Географиялық ұғымдар мен терминдерді, географиялық атаулардың мағынасын анықтайды, географияның оқыту құралдарын, топографиялық құралдарды, геодезиялық аспаптарды, геоақпараттық технологияларды, географиялық зерттеу әдістерін біледі, жіктейді, қолданады.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 - Карталарды құрастыруды, картаны құру принциптерін, картографиялық кескін жасауды және оны түрлендіруді түсінеді;

ПОН 2 - Географиялық, топографиялық, картографиялық карта элементтерін, түрлері мен типтерін ажыратып, карталарды жіктеуді үйренеді;

ПОН 5 - Топографиялық және картографиялық материалды және геодезиялық өлшемдердің нәтижелерін сипаттай алады;

ПОН 4 - Масштаб, картографиялық проекциялар, топографиялық карталар мен пландарды жасайды.

Постреквизиттері: Геология, Геоэкология және табиғатты қорғау, Геоморфология, Ландшафттану, Гидрология, Топография геодезия негіздерімен

Пән: Компьютерлік дизайн: карталарды ресімдеу

Еңбек сыйымдылығы: 6 академиялық кредит

Модуль коды: FGP – 5

Модуль атауы: Физикалық география пәндер

Пререквизиттері: Жертану және жаратылыстану

Мақсаты: Түрлі масштабтағы тақырыптық карталар мен атластар жасауда қолданылатын компьютерлік графика және сандық дизайн негіздерін түсіндіру. Векторлық және сандық бейнелерді компьютерлік редактірлеу, өңдеу және түрлендіру бойынша практикалық дағдыларын қалыптастыру.

Қысқаша сипаттамасы: Пән-картографиялық туындыларды ресімдеуді үйренеді, түрлі карталар мен атластарды дайындауда компьютерлік және желілік технологияларды, графикалық бейнелеу құралдарын қолданады. Студенттер карталар мен атластарды құрастыру мен жасаудың, жаңартудың технологиялық процесін жүйелейді. Басылымдардың талаптары мен технологияларын орындайды. Штрихтік баспа, фондық бояулар мен жазуларды, жартылай реңктік түпнұсқаларды таңдайды. Карталарды жасау мен деректер базасын жобалауда компьютерлік сауаттылық пен дизайн негіздерін меңгереді.



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ

6B01510 География

Элективті пәндер каталогы

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 4- География ғылымының теориялық негіздерін, жер шарына тән заңдылықтарды және олардың себептерін біледі, географиялық карталар мен пландарды жасайды, талдайды, картографиялық-геодезиялық өлшеу және далалық зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

БОН 5- География ғылымының тарихын, негізгі мәселелерін, болашағын талқылайды, физикалық-географиялық жағдайды сипаттайды, табиғи аумақтық кешендерді және олардың орналасу ерекшеліктерін ажыратады, географиялық нысандар мен рекреациялық орындарды анықтайды.

БОН 11- Географиялық ұғымдар мен терминдерді, географиялық атаулардың мағынасын анықтайды, географияның оқыту құралдарын, топографиялық құралдарды, геодезиялық аспаптарды, геоақпараттық технологияларды, географиялық зерттеу әдістерін біледі, жіктейді, қолданады.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 - Картографиялық туындыларды ресімдеудің ғылыми негіздерін зерделейді;

ПОН 2 - Түрлі масштабтағы тақырыптық карталар мен атластар жасауда қолданылатын картографиялық дизайн және оның компьютердегі көшірмесін жасау әдістерін қолдана алады;

ПОН 3 - Түпнұсқаларды графикалық дайындауда компьютерлік әдістерімен жұмыс жүргізеді;

ПОН 4 - Географиялық карталарды жаңартудың технологиялық процесі барысында графикалық жұмыстардың автоматтандыруды біледі.

Постреквизиттері: Геология, Геоэкология және табиғатты қорғау, Геоморфология, Ландшафттану, Гидрология, Топография геодезия негіздерімен

Таңдау компоненті 2

Пән: Геология

Еңбек сыйымдылығы: 7 академиялық кредит

Модуль коды: FGP – 5

Модуль атауы: Физикалық география пәндер

Пререквизиттері: Жертану және жаратылыстану, Картография

Мақсаты: Жердің қыртысын және ішкі қабаттарын, олардың құрамын, құрылысын, қозғалысын, даму тарихын, түсіндіру. Жер қыртысы мен бетінде өтіп жатқан ішкі және сыртқы үрдістер, кен байлықтарының пайда болуын, орналасу заңдылықтарын, тау жыныстары мен пайдалы қазбалардың түрлері туралы түсінік қалыптастыру.

Қысқаша сипаттамасы: Пән- Жердің пайда болуы мен дамуы, Жердің ішкі құрылысы, Жер қыртысының құрамы, геологиялық процестер туралы білім қалыптастырады. Студенттер Жердің ішкі құрылысын, даму заңдылықтарын, құрылымдық элементтерін біледі. Жер қойнауында және жер бетінде болып жатқан сыртқы және ішкі геологиялық процестерді сипаттайды. Пайдалы қазбалардың пайда болуы және оларды тиімді пайдалану жолдарын біледі. Тау жыныстарының абсолюттік және салыстырмалы жасын анықтайды. Тау жыныстары мен минералдарды салыстырады. Геологиялық картаны талдайды. Геологиялық қима дайындайды.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 4- География ғылымының теориялық негіздерін, жер шарына тән заңдылықтарды және олардың себептерін біледі, географиялық карталар мен пландарды жасайды, талдайды, картографиялық-геодезиялық өлшеу және далалық зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

БОН 5- География ғылымының тарихын, негізгі мәселелерін, болашағын талқылайды, физикалық-географиялық жағдайды сипаттайды, табиғи аумақтық кешендерді және олардың орналасу ерекшеліктерін ажыратады, географиялық нысандар мен рекреациялық орындарды анықтайды.

БОН 6- Табиғи құбылыстар мен үрдістердің пайда болу себептерін болжайды, анықтайды, салыстырады, табиғат компоненттерінің өзара байланыстарын түсінеді, сипаттайды.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – Көне кезеңдерден қазіргі кезге дейінгі жер қыртысының даму заңдылықтары мен тарихын біледі.

ПОН 2 – Жер мен Жер қыртысының заттық құрамын, геодинамикалық процесстерді, органикалық элементтің эволюциясы мен жүйеленуін сипаттайды.

ПОН 3 – Тау жыныстары жасын және жатыс жағдайын анықтайтын негізгі тәсілдерін біледі. Пайдалы қазбалардың түрлерін ажыратады.



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ

6B01510 География

Элективті пәндер каталогы

ПОН 4 – Геохронологиялық кесте, геологиялық карталардың мазмұнын түсінеді. Геологиялық қима дайындайды.

Постреквизиттері: Дүниежүзінің физикалық географиясы, Қазақстанның физикалық географиясы

Пән: Геоэкология және табиғатты қорғау

Еңбек сыйымдылығы: 7 академиялық кредит

Модуль коды: **FGP – 5**

Модуль атауы: Физикалық география пәндер

Пререквизиттері: Жертану және жаратылыстану, Картография

Мақсаты: Геожүйе түсінігін, оның басты элементтерімен байланыстарын, айырмашылығын, экономикалық факторлардың жергілікті жерге әсерін түсіндіру. Табиғат байлықтарын сақтау, оны ұтымды пайдалану, қалпына келтіру, қоршаған ортаны қорғау туралы білім қалыптастыру.

Қысқаша сипаттамасы: Пән - табиғатты тиімді пайдаланудың мәселелерін, аймақтық деңгейде табиғатты пайдалануды ұйымдастыру, басқару және табиғи ресурстар мен қоршаған ортаның жағдайын әлеуметтік-экологиялық-экономикалық бағалау, жақсарту бойынша білім қалыптастырады. Студенттер қоршаған ортаны оңтайландырудың, жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғаудың жолдарын біледі. Қоршаған орта жағдайы мен адам денсаулығын өзара байланыстырады. Қоршаған ортаның экологиялық жағдайы мен тұрақтылығын болжайды. Қоршаған ортаны ластаудан қорғайды, табиғи ортаны ластағаны үшін келтірілген шығындар мен төлемдерді есептейді.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 5- География ғылымының тарихын, негізгі мәселелерін, болашағын талқылайды, физикалық-географиялық жағдайды сипаттайды, табиғи аумақтық кешендерді және олардың орналасу ерекшеліктерін ажыратады, географиялық нысандар мен рекреациялық орындарды анықтайды.

БОН 6- Табиғи құбылыстар мен үрдістердің пайда болу себептерін болжайды, анықтайды, салыстырады, табиғат компоненттерінің өзара байланыстарын түсінеді, сипаттайды.

БОН 10- Қоршаған ортаны қорғаудың жолдарын біледі, қоршаған орта экологиясының мәселелерін талқылайды, қоршаған ортаның экологиялық жағдайы мен тұрақтылығын болжайды, қоршаған орта мен адамның өзара байланыстарын жүйелейді.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – Табиғат пайдаланудың негізгі заңдылықтарын, қағидалары мен тетіктерін біледі;

ПОН 2 – Табиғат пайдалану экономикасының теориялық-әдіснамалық негіздерін, базалық экологиялық-экономикалық көрсеткіштерді біледі;

ПОН 3 – Табиғатты тиімді пайдаланудың әдістерін, жаңа қалдықсыз технология көмегімен табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың жолдарын білу;

ПОН 4 – Экожүйе мен геожүйе арасындағы географиялық айырмашылықтардың негізін түсіну;

Постреквизиттері: Дүниежүзінің физикалық географиясы, Қазақстанның физикалық географиясы

Таңдау компоненті 3

Пән: Геоморфология

Еңбек сыйымдылығы: 7 академиялық кредит

Модуль коды: **FGP – 5**

Модуль атауы: Физикалық география пәндер

Пререквизиттері: Жертану және жаратылыстану, Картография

Мақсаты: Жердің пайда болуын, жасын, құрылымдық ерекшелігін, дамуы мен элементтерінің жер бетінде таралуын, сыртқы және ішкі процестерді, жер бетінің қалыптасуындағы антропогендік факторларды түсіндіру.

Қысқаша сипаттамасы: Пән - Жер бедері, оның түрлері мен пішіндері, жасы, жаратылысы, таралу заңдылықтары туралы білім қалыптастырады. Студенттер Жердің ішкі құрылысын, даму тарихын, жердің дамуының негізгі кезеңдерін біледі. Рельефтің генетикалық типтерін жіктейді, рельеф түзуші процестерді анықтайды. Жер бедерінің түрлері мен пішіндерін сипаттайды. Жердің қазіргі динамикалық өзгерістерін, геоморфологиялық картаны талдайды. Жерді шаруашылықта тиімді пайдалануды, жер бетінің қалыптасуындағы антропогендік факторларды талқылайды.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ

6B01510 География

Элективті пәндер каталогы

БОН 4- География ғылымының теориялық негіздерін, жер шарына тән заңдылықтарды және олардың себептерін біледі, географиялық карталар мен пландарды жасайды, талдайды, картографиялық-геодезиялық өлшеу және далалық зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

БОН 5- География ғылымының тарихын, негізгі мәселелерін, болашағын талқылайды, физикалық-географиялық жағдайды сипаттайды, табиғи аумақтық кешендерді және олардың орналасу ерекшеліктерін ажыратады, географиялық нысандар мен рекреациялық орындарды анықтайды.

БОН 6- Табиғи құбылыстар мен үрдістердің пайда болу себептерін болжайды, анықтайды, салыстырады, табиғат компоненттерінің өзара байланыстарын түсінеді, сипаттайды.

БОН 12- Географияны оқытудың инновациялық әдістерін және практикалық іс-әрекет тәсілдерін, критериалды бағалау жүйесін қолдана білуге қабілетті. Педагогикалық және географиялық тәжірибелерді меңгереді, зерттеулер нәтижесін кәсіби қызметінде қолданады.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – Жер бедерінің пішіндері мен басты элементтерін, жер бедерінің шығу тегін біледі;

ПОН 2 – Жер бедерін қалыптастырушы факторларды, жер бедерінің негізгі типтерін сипаттайды;

ПОН 3 – Жер бедерінің жекелеген пішіндері мен олардың құрамдас бөліктерінің қалыптасу жолдарын түсінеді.

ПОН 4 – Карта бойынша жер бедерінің типтерін анықтайды.

Постреквизиттері: Дүниежүзінің физикалық географиясы, Қазақстанның физикалық географиясы

Пән: Ландшафттану

Еңбек сыйымдылығы: 7 академиялық кредит

Модуль коды: **FGP – 5**

Модуль атауы: Физикалық география пәндер

Пререквизиттері: Жертану және жаратылыстану, Картография

Мақсаты: Табиғи аймақтық кешендерді (геожүйелерді), табиғи және мәдени ландшафттарды олардың құрылымын, өзара байланысын, даму заңдылығын түсіндіру.

Қысқаша сипаттамасы: Пән - табиғи аймақтық кешендердің (геожүйелер) құрамын, құрылымы мен компоненттерін, табиғи және антропогендік факторларын, аймақтық табиғат кешендерінің қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, динамикасын түсіндіреді. Жер ландшафтының жекелеген түрлерінің құрылысы мен қызмет етуін жүйелейді. Табиғи және мәдени ландшафттардың құрылымын, өзара байланысын сипаттайды. Төменгі сатыдағы геожүйелер (жеке қоныс, фация) мен жоғары сатыдағы геожүйелерді (табиғи өлке, провинция) байланыстырады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 5- География ғылымының тарихын, негізгі мәселелерін, болашағын талқылайды, физикалық-географиялық жағдайды сипаттайды, табиғи аумақтық кешендерді және олардың орналасу ерекшеліктерін ажыратады, географиялық нысандар мен рекреациялық орындарды анықтайды.

БОН 6- Табиғи құбылыстар мен үрдістердің пайда болу себептерін болжайды, анықтайды, салыстырады, табиғат компоненттерінің өзара байланыстарын түсінеді, сипаттайды.

БОН 11- Географиялық ұғымдар мен терминдерді, географиялық атаулардың мағынасын анықтайды, географияның оқыту құралдарын, топографиялық құралдарды, геодезиялық аспаптарды, геоақпараттық технологияларды, географиялық зерттеу әдістерін біледі, жіктейді, қолданады.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 - Ландшафттардың, қоныстар мен фациялардың табиғи-аумақтық кешені туралы білімдерін жетілдіреді;

ПОН 2 - Табиғатты қорғау және физика-географиялық аудандастыру мәселелерін шешеді.

ПОН 3 – Табиғи - антропогендік және мәдени ландшафттарды салыстырады.

ПОН 4 – Табиғи-антропогендік ландшафттардың тенденциялары мен динамикасын, олардың адамның шаруашылық қызметімен өзара байланысын түсіндіреді.

Постреквизиттері: Дүниежүзінің физикалық географиясы, Қазақстанның физикалық географиясы



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ

6B01510 География

Элективті пәндер каталогы

Таңдау компоненті 4

Пән: Гидрология

Еңбек сыйымдылығы: 6 академиялық кредит

Модуль коды: **FGP – 5**

Модуль атауы: Физикалық география пәндер

Пререквизиттері: Геология, Геоморфология

Мақсаты: Табиғи суларды, оларда өтіп жатқан процестерді, олардың атмосферамен, литосферамен және биосферамен байланысын түсіндіру.

Қысқаша сипаттамасы: Пән - Гидросфера қабаты және оның элементтері, гидросферада болып жатқан гидрологиялық құбылыстар мен процесстер, су объектілерінің ерекшеліктері, олардың қоршаған ортамен өзара байланысы туралы білім береді. Студенттер табиғи суларда өтіп жатқан процестерді, су қорларын сипаттайды. Су нысандарының гидрологиялық режимін, су ресурстары және оларды тиімді пайдалану жолдарын біледі. Табиғаттағы су айналымын, адамның шаруашылық әрекетінде судың маңызын түсінеді. Гидрологиялық проблемалар және оларды шешу жолдарын талқылайды.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 4- География ғылымының теориялық негіздерін, жер шарына тән заңдылықтарды және олардың себептерін біледі, географиялық карталар мен пландарды жасайды, талдайды, картографиялық-геодезиялық өлшеу және далалық зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

БОН 5- География ғылымының тарихын, негізгі мәселелерін, болашағын талқылайды, физикалық-географиялық жағдайды сипаттайды, табиғи аумақтық кешендерді және олардың орналасу ерекшеліктерін ажыратады, географиялық нысандар мен рекреациялық орындарды анықтайды.

БОН 6- Табиғи құбылыстар мен үрдістердің пайда болу себептерін болжайды, анықтайды, салыстырады, табиғат компоненттерінің өзара байланыстарын түсінеді, сипаттайды.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 - Гидрологиялық процестер туралы түсініктері қалыптасады;

ПОН 2 - Табиғаттағы су айналымын, адамның шаруашылық әрекетінде судың маңызын анықтайды;

ПОН 3 – Гидрологиялық проблемалар және оларды шешу жолдарын талқылайды;

ПОН 4 - Қоршаған ортаның экологиялық жағдайы мен тұрақтылығын болжайды.

Постреквизиттері: Дүниежүзінің физикалық географиясы, Қазақстанның физикалық географиясы

Пән: Топография геодезия негіздерімен

Еңбек сыйымдылығы: 6 академиялық кредит

Модуль коды: **FGP – 5**

Модуль атауы: Физикалық география пәндер

Пререквизиттері: Геология, Геоморфология

Мақсаты: Жер пішіні мен өлшемдерін анықтау әдістерін, оның бетіндегі өзгерістер мен құбылыстарды карталар мен планға түсіруді үйрету.

Қысқаша сипаттамасы: Пән – картографиялық бейнелеу мен топографиялық түсірілімдердің түрлерін, карта бойынша өлшеу жұмыстарын қарастырады. Студенттер топографиялық картаның мазмұнын біледі, географиялық карталарды жасаудың заманауи технологияларымен танысады. Студенттер жер бетіндегі нүктелердің орнын, географиялық және тік бұрышты координаталарды, дирекциондық бұрыштарды, азимуттарды, нүктенің биіктігін, жергілікті жерде бағдарлауды анықтайды. Геодезиялық құралдарды (теодолит, нивелирлер, электрондық тахометрлер) біледі, қолданады. Топографиялық карталар мен пландарды жасайды. Жергілікті геодезиялық өлшеу жұмыстарын жүргізеді.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 4- География ғылымының теориялық негіздерін, жер шарына тән заңдылықтарды және олардың себептерін біледі, географиялық карталар мен пландарды жасайды, талдайды, картографиялық-геодезиялық өлшеу және далалық зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

БОН 5- География ғылымының тарихын, негізгі мәселелерін, болашағын талқылайды, физикалық-географиялық жағдайды сипаттайды, табиғи аумақтық кешендерді және олардың орналасу ерекшеліктерін ажыратады, географиялық нысандар мен рекреациялық орындарды анықтайды.

БОН 11- Географиялық ұғымдар мен терминдерді, географиялық атаулардың мағынасын анықтайды, географияның оқыту құралдарын, топографиялық құралдарды, геодезиялық аспаптарды, геоақпараттық технологияларды, географиялық зерттеу әдістерін біледі, жіктейді, қолданады.



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ

6B01510 География

Элективті пәндер каталогы

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – Топографиялық картаның негізінде әр түрлі геодезиялық есептерді шығара алады;

ПОН 2 – Топографиялық карталардың шартты белгілерін білуі; топографиялық карталарды талдай білуі;

ПОН 3 – Геодезиялық құралдармен жұмыс істеу қағидаларын, далалық өлшеу мәліметтерін өңдеудің теориясын біледі және іс жүзінде қолданады;

ПОН 4 – Дәлдігі жоғары геодезиялық құралдарды қолданып жергілікті жерде картометриялық және графикалық өлшеу-түсіру жұмыстарын жүргізе алады.

Постреквизиттері: Дүниежүзінің физикалық географиясы, Қазақстанның физикалық географиясы

Таңдау компоненті 5

Пән: Топырақ географиясы

Еңбек сыйымдылығы: 6 академиялық кредит

Модуль коды: **FGP – 5**

Модуль атауы: Физикалық география пәндер

Пререквизиттері: Геология, Геоморфология

Мақсаты: Жер бетінде топырақтардың қалыптасуы, топырақ түзуші факторлардың байланысы, топырақтардың кеңістікте ауысуы туралы білімді меңгерту.

Қысқаша сипаттамасы: Пән топырақтың түзілу факторлары мен процестерін, топырақтың қалыптасу үрдісін, топырақтардың жер шарында немесе белгілі бір аймақта кезектесіп орналасуын, орын ауыстыруын, даму үрдістерін, географиялық таралу заңдылықтарын, сыртқы ортамен өзара байланысын түсіндіреді. Студенттер топырақтың құрылысын, құрамын, қасиеттерін, анықтайды. Топырақ түрлерін есте сақтайды. Топырақты тозудан қорғайды. Топырақ құнарлылығын арттырудың негізгі жолдарын ұсынады. Топырақ карталарын жасайды.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 4- География ғылымының теориялық негіздерін, жер шарына тән заңдылықтарды және олардың себептерін біледі, географиялық карталар мен пландарды жасайды, талдайды, картографиялық-геодезиялық өлшеу және далалық зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

БОН 5- География ғылымының тарихын, негізгі мәселелерін, болашағын талқылайды, физикалық-географиялық жағдайды сипаттайды, табиғи аумақтық кешендерді және олардың орналасу ерекшеліктерін ажыратады, географиялық нысандар мен рекреациялық орындарды анықтайды.

БОН 6- Табиғи құбылыстар мен үрдістердің пайда болу себептерін болжайды, анықтайды, салыстырады, табиғат компоненттерінің өзара байланыстарын түсінеді, сипаттайды.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 - Топырақтың құрылымын, құрамын және қасиеттерін, қалыптасу және даму үрдістерін, географиялық таралу заңдылықтарын талдайды;

ПОН 2 - Топырақтың экономикалық маңыздылығын анықтайды және оларды ұтымды пайдалануды үйренеді;

ПОН 3 –Топырақтың физикалық-химиялық қасиеттерін анықтайды;

ПОН 4 – Топырақтың түзілу үрдісінде эксперименттік және талдау әдістерін іс жүзінде қолдана алады;

Постреквизиттері: Дүниежүзінің физикалық географиясы, Қазақстанның физикалық географиясы

Пән: Өлкетану

Еңбек сыйымдылығы: 6 академиялық кредит

Модуль коды: **FGP – 5**

Модуль атауы: Физикалық география пәндер

Пререквизиттері: Геология, Геоморфология

Мақсаты: Белгілі бір аумақтың табиғаты, халқы, шаруашылығы, тарихы және мәдениеті, елді мекендері туралы білім қалыптастыру.

Қысқаша сипаттамасы: Пән белгілі бір аумақты кешенді ғылыми зерттейді. Пән өлкетану жұмыстарының түрлері мен формаларын, маңыздылығын, өлкетану мен экологияның өзара байланысын баяндайды. Табиғи, тарихи, мәдени, әлеуметтік орындарды жіктейді. Өлкенің тарихы мен өткені,



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ

6B01510 География

Элективті пәндер каталогы

мәдениеті, топонимикасы, шаруашылығы, халықтың ұлттық ерекшеліктері, табиғи және мәдени-тарихи объектілері, ескерткіштері туралы ақпараттар мен деректерді жинайды, жүйелейді. Түрлі мақсаттағы экскурсияларды ұйымдастырады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 5- География ғылымының тарихын, негізгі мәселелерін, болашағын талқылайды, физикалық-географиялық жағдайды сипаттайды, табиғи аумақтық кешендерді және олардың орналасу ерекшеліктерін ажыратады, географиялық нысандар мен рекреациялық орындарды анықтайды.

БОН 6- Табиғи құбылыстар мен үрдістердің пайда болу себептерін болжайды, анықтайды, салыстырады, табиғат компоненттерінің өзара байланыстарын түсінеді, сипаттайды.

БОН 11- Географиялық ұғымдар мен терминдерді, географиялық атаулардың мағынасын анықтайды, географияның оқыту құралдарын, топографиялық құралдарды, геодезиялық аспаптарды, геоақпараттық технологияларды, географиялық зерттеу әдістерін біледі, жіктейді, қолданады.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – Өлкетану материалдарын сабақта пайдалануды, әр түрлі картографиялық, әдеби, статистикалық дерек көздерін талдауды біледі;

ПОН 2 – Өлкетану бағытындағы сабақтың қысқа мерзімді жоспарларын құрып сыныптан және мектептен тыс шараларды жүргізе алады;

ПОН 3 – Өлкетану бұрыштарын, көрмелер мен мұражайларды жасай алады;

ПОН 4 – Туған өлкені зерттеуге қабілетті.

Постреквизиттері: Дүниежүзінің физикалық географиясы, Қазақстанның физикалық географиясы

Таңдау компоненті 6

Пән: Топонимика

Еңбек сыйымдылығы: 6 академиялық кредит

Модуль коды: **FGP – 5**

Модуль атауы: Физикалық география пәндер

Пререквизиттері: Дүниежүзінің физикалық географиясы, Қазақстанның физикалық географиясы

Мақсаты: Жердің аймақтық топонимикалық жүйелерінің ерекшеліктері, географиялық терминдер және олардың топонимикадағы рөлі туралы жалпы түсінік қалыптастыру.

Қысқаша сипаттамасы: Пәнде топонимика туралы ұғымдар мен түсініктер, топонимиканың теориялық негіздері, топонимдер, географиялық атаулардың негізгі топтары, топономикалық жүйелердің қалыптасуына әсер етуші факторлар қарастырылады. Пән географиялық атауларды, олардың шығу тегін, семантикалық мағынасын, мәнін, топонимика бөлімшелерін, топонимдердің мен этимологиясын, топонимикадағы сөзжасам принциптерін, картографиялық топонимикадағы қатарлар заңын, жергілікті дамуын, қазіргі жағдайын, негізгі топтарын, жазылуын және айтылуын оқытады. Студенттер топонимдерді топтар бойынша біріктіреді, географиялық атаулардың мағынасын анықтайды.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 4- География ғылымының теориялық негіздерін, жер шарына тән заңдылықтарды және олардың себептерін біледі, географиялық карталар мен пландарды жасайды, талдайды, картографиялық-геодезиялық өлшеу және далалық зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

БОН 5- География ғылымының тарихын, негізгі мәселелерін, болашағын талқылайды, физикалық-географиялық жағдайды сипаттайды, табиғи аумақтық кешендерді және олардың орналасу ерекшеліктерін ажыратады, географиялық нысандар мен рекреациялық орындарды анықтайды.

БОН 11- Географиялық ұғымдар мен терминдерді, географиялық атаулардың мағынасын анықтайды, географияның оқыту құралдарын, топографиялық құралдарды, геодезиялық аспаптарды, геоақпараттық технологияларды, географиялық зерттеу әдістерін біледі, жіктейді, қолданады.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 - Топонимикалық зерттеудің негізгі әдістерін игеріп, іс жүзінде қолданады;

ПОН 2 - Жекелеген аумақтардың топонимиялық жүйелерін сипаттай алады;

ПОН 5 - Географиялық терминдер мен түсініктерді меңгеріп, географиялық ұғымдар, теориялар мен заңдылықтарды талдай біледі;

ПОН 4 - Географиялық атауларды зерттеудің түрлі аспектілерін көрсетіп, топонимиканың негізгі құрылымдық элементтерін сипаттайды.

Постреквизиттері: Дүниежүзінің физикалық географиясы, Қазақстанның физикалық географиясы



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ

6B01510 География

Элективті пәндер каталогы

Пән: Биогеография

Еңбек сыйымдылығы: 6 академиялық кредит

Модуль коды: **FGP – 5**

Модуль атауы: Физикалық география пәндер

Пререквизиттері: Дүниежүзінің физикалық географиясы, Қазақстанның физикалық географиясы

Мақсаты: Жер шарындағы өсімдіктер мен жануарлардың және олардың бірлестіктерінің таралуын, орналасу заңдылықтарын түсіндіру.

Қысқаша сипаттамасы: Пән тірі ағзалар мен олардың қауымдастықтарының географиялық таралуы, өсімдік жамылғысының құрылымы мен бүкіл планетаның жануарлар популяциясы құрылымы туралы білімді қалыптастырады. Пән биотаны саралаудағы экологиялық және тарихи факторлардың арақатынасын зерттеп, жер мен мұхиттардың биологиялық әртүрлілігін сақтау мәселелерін шешеді. Студенттер тірі ағзалардың бұрынғы және қазіргі таралу ерекшеліктерін салыстырады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 5- География ғылымының тарихын, негізгі мәселелерін, болашағын талқылайды, физикалық-географиялық жағдайды сипаттайды, табиғи аумақтық кешендерді және олардың орналасу ерекшеліктерін ажыратады, географиялық нысандар мен рекреациялық орындарды анықтайды.

БОН 6- Табиғи құбылыстар мен үрдістердің пайда болу себептерін болжайды, анықтайды, салыстырады, табиғат компоненттерінің өзара байланыстарын түсінеді, сипаттайды.

БОН 11- Географиялық ұғымдар мен терминдерді, географиялық атаулардың мағынасын анықтайды, географияның оқыту құралдарын, топографиялық құралдарды, геодезиялық аспаптарды, геоақпараттық технологияларды, географиялық зерттеу әдістерін біледі, жіктейді, қолданады.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – Өсімдік пен жануарлар түрлерінің ерекшеліктері геоморфологиялық, климаттық, гидрографиялық факторлар әсерінде болатындығын айқындайды.

ПОН 2 – Флоралық және фауналық кешендердің қалыптасуының себептері мен жолдарын, дамуының негізгі кезеңдерін біледі.

ПОН 3 – Аралдардың қазіргі шекараларын, олардың құрылымын, жоғалып бара жатқан, сирек кездесетін шаруашылық маңызы бар өсімдіктер мен жануарлар санының өзгеру себептері және заңдылықтарын анықтайды.

ПОН 4 – Жер бетінде өсімдіктер мен жануарлардың аумақтық таралу мәселелері, олардың орналасуы ендік зоналық және биіктік белдеулік заңдылықтарына байланыстылығын сипаттайды.

Постреквизиттері: Дүниежүзінің физикалық географиясы, Қазақстанның физикалық географиясы

3. БЕЙІНДЕУШІ ПӘНДЕР ЦИКЛІНІҢ ТАҢДАУ КОМПОНЕНТТЕРІ

Таңдау компоненті 1

Пән: Географиялық ақпараттық жүйелер

Еңбек сыйымдылығы: 6 академиялық кредит

Модуль коды: **EGP – 6**

Модуль атауы: Экономикалық география пәндер

Пререквизиттері: Картография, Компьютерлік дизайн: карталарды ресімдеу

Мақсаты: Мәліметтерді жинау, сақтау, өңдеу, талдау, ұсыну, тарату және олардың негізінде географиялық кеңістік туралы жаңа ақпараттарды білуге үйретеді.

Қысқаша сипаттамасы: Пән географиялық ақпараттық жүйелердің құрылымы, классификациясы, функционалдық мүмкіндіктері, географиялық ақпарат пен жүйелердің дерекқорын әзірлеу туралы түсінік қалыптастырады. Студенттер географиялық ақпараттарды енгізу, сақтау, өңдеу, талдау, визуализациялау үшін қолданылатын толық функционалды бағдарламалармен танысады. Бағдарламалық құралдарды пайдалануды, компьютерлік желілерде жұмыс жасауды үйренеді. Студенттер геоақпараттық технологияларды пайдалана отырып, географиялық деректердің топтарын құрады, картографиялық жұмыстардың түрлерін құрастырып, өңдейді.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ

6B01510 География

Элективті пәндер каталогы

БОН 3- Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

БОН 4- География ғылымының теориялық негіздерін, жер шарына тән заңдылықтарды және олардың себептерін біледі, географиялық карталар мен пландарды жасайды, талдайды, картографиялық-геодезиялық өлшеу және далалық зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

БОН 11- Географиялық ұғымдар мен терминдерді, географиялық атаулардың мағынасын анықтайды, географияның оқыту құралдарын, топографиялық құралдарды, геодезиялық аспаптарды, геоақпараттық технологияларды, географиялық зерттеу әдістерін біледі, жіктейді, қолданады.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – Географиялық зерттеулер жүргізу барысында деректерді іздеуде, графикалық және картографиялық материалдарды өңдеуде ГАЖ-технологияларымен жұмыс істей алады;

ПОН 2 – Сандық модельдің көмегімен карталарда бейнелеу үшін картографиялық материалды талдайды;

ПОН 3 –ГАЖ-технологияларды пайдалана отырып, электрондық карталар жасайды.

ПОН 4 –Геоақпараттық жүйелердің негізгі базалық деректерін құрады.

Постреквизиттері: Геосаясат және геоурбанистика, Қолданбалы география

Пән: Геоэкономика және елтану негіздері

Еңбек сыйымдылығы: 6 академиялық кредит

Модуль коды: **EGP – 6**

Модуль атауы: Экономикалық география пәндер

Пререквизиттері: Картография

Мақсаты: Геоэкономика терминін, бағыттарын түсіндіру.Ғаламдық экономикалық үрдістер мен құбылыстардың дамуын талдап, болжамдар жасауды үйрету.

Қысқаша сипаттамасы: Пән - геоэкономика түсінігінің мәні, зерттейтін нысандары, геоэкономиканың теориялық негіздері, геоэкономиялық стратегия және геоэкономикалық кеңістік, геоэкономикалық зерттеулер туралы білім қалыптастырады. Студенттер геоэкономиканың категорияларын біледі, геоэкономика мен экономикалық география арасындағы айырмашылықты ажыратады, елдер мен аумақтардың әлеуметтік-экономикасы туралы мәліметтерді жинайды, сипаттайды, елдер мен аймақтардың экономикалық дамуын салыстырады, сыртқы және ішкі экономикалық саясатын талқылайды, талдайды, елдер мен аймақтардың географиялық кеңістіктегі рөлін анықтайды.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 7- Экономикалық-географиялық жағдайды сипаттайды, әлеуметтік-экономикалық дамуы мен рекреациялық қызметтің сапасын салыстырады, бағалайды, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жолдарын біледі, жіктейді, талқылайды, бағалайды.

БОН 8- Геоэкономиканың категорияларын біледі, елдер мен аймақтардың географиялық кеңістіктегі рөлін анықтайды, геоэкономикалық дамуын салыстырады, геоэкономикалық жағдайды бағалайды.

БОН 9- Саяси географияның мәнін, негізгі түрлерін біледі, сыртқы және ішкі геосаясатты, әкімшілік-аумақтық бөлінуі мен аймақтық саясатын, саяси идеяларды талқылайды. Қалалық агломерацияларды салыстырады, қалалық дамудың стратегиялық бағыттарын талқылайды, талдайды.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 - Геоэкономикалық жүйелердің қызмет етуі мен дамуының негізгі факторлары мен бағыттарын анықтайды;

ПОН 2 - Әлеуметтік-экономикалық процестер мен құбылыстар туралы мәліметтерді талдау әдістері мен құралдарын ажыратуды үйренеді;

ПОН 3 – Елдер мен аймақтардың әлемдік шаруашылықта дамуы мен халықаралық қатынастарда ерекшеліктерін біледі.

ПОН 4 - Әлем елдерінің қазіргі геоэкономикалық жағдайын бағалайды.

Постреквизиттері: Геосаясат және геоурбанистика, Қолданбалы география



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ

6B01510 География

Элективті пәндер каталогы

Таңдау компоненті 2

Пән: Геосаясат және геоурбанистика

Еңбек сыйымдылығы: 4 академиялық кредит

Модуль коды: **EGP – 6**

Модуль атауы: Экономикалық география пәндер

Пререквизиттері: Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы, Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік географиясы

Мақсаты: Геосаяси теорияның қағидалары мен әдістері, геосаясаттың ерекшеліктері туралы білім қалыптастыру. Қала жүйелерінің қалыптасу заңдылықтарын, нақты географиялық объектілер мен әртүрлі типтегі елдердің урбандалу жағдайларын түсіндіру.

Қысқаша сипаттамасы: Пән - геосаяси теорияның қағидалары, негіздері, әдістері, геосаясаттың ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы, ғаламдану жағдайындағы геосаясаттың ерекшеліктері туралы білім қалыптастырады. Студенттер саяси географияның теориясын, мәнін, негізгі түрлерін біледі. Отандық және шетел ғалымдардың саяси идеяларын талқылайды. Қала жүйелерінің қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін, қала құрылысының ерекшеліктерін еске түсіреді. Қала тұрғындарының, ірі қалалар мен қалалық агломерациялардың қарқынды өсуін салыстырады. Қалаларда халықтың қоныстануын, жерлердің пайдалануын, тұрақты қалалық дамудың стратегиялық бағыттарын талқылайды, талдайды.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 7- Экономикалық-географиялық жағдайды сипаттайды, әлеуметтік-экономикалық дамуы мен рекреациялық қызметтің сапасын салыстырады, бағалайды, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жолдарын біледі, жіктейді, талқылайды, бағалайды.

БОН 8- Геоэкономиканың категорияларын біледі, елдер мен аймақтардың географиялық кеңістіктегі рөлін анықтайды, геоэкономикалық дамуын салыстырады, геоэкономикалық жағдайды бағалайды.

БОН 9- Саяси географияның мәнін, негізгі түрлерін біледі, сыртқы және ішкі геосаясатты, әкімшілік-аумақтық бөлінуі мен аймақтық саясатын, саяси идеяларды талқылайды. Қалалық агломерацияларды салыстырады, қалалық дамудың стратегиялық бағыттарын талқылайды, талдайды.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 - Геосаясаттың ерекшеліктерін, жалпы ғаламшарлық үрдістер мен құбылыстардың кеңістіктік көрністерін ашады;

ПОН 2 - Геосаяси мәселелердің туу себептері мен шешу жолдарын анықтайды;

ПОН 3 - Кеңістікті ұйымдастырудағы қалалардың рөлін, олардың құрылымы мен даму динамикасын анықтайды;

ПОН 4 - Қала құрылысының тарихи кезеңдерін зерттеудегі әдістемелік кешендерді көрсетеді; қалалар мен урбандалудың қазіргі мәселелерін шешуде қабілеттерін дамытады.

Постреквизиттері: Педагогикалық зерттеулер негіздері

Пән: Қолданбалы география

Еңбек сыйымдылығы: 4 академиялық кредит

Модуль коды: **EGP – 6**

Модуль атауы: Экономикалық география пәндер

Пререквизиттері: Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы, Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік географиясы

Мақсаты: Адамның шаруашылық қызметінің түрлі салаларында, геожүйенің дамуын жобалау мен аймақтық жоспарлауда практикалық міндеттерді орындау барысында географиялық зерттеулер мен әзірлемелер туралы туралы білім қалыптастыру.

Қысқаша сипаттамасы: Пән-географияның қолданбалы мәселелерін, қолданбалы зерттеулердің маңызы туралы білім қалыптастырады. Пән саяси, экологиялық, экономикалық, демографиялық, азық-түлік, энергетикалық мәселелер мен оларды шешудің жолдарын қарастырады. Студенттер қоғам мен табиғаттың, өндіріс пен халықтың аумақтық ұйымдастырылуын, шаруашылық объектілерін орналастыру мен ұтымды пайдаланудың мәселелерін сипаттайды. Студенттер әр түрлі геотехникалық жүйелерді анықтайды. Қоғамдағы проблемаларды шешу үшін заманауи техника мен технологияны пайдаланады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ

6B01510 География

Элективті пәндер каталогы

БОН 7- Экономикалық-географиялық жағдайды сипаттайды, әлеуметтік-экономикалық дамуы мен рекреациялық қызметтің сапасын салыстырады, бағалайды, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жолдарын біледі, жіктейді, талқылайды, бағалайды.

БОН 8- Геоэкономиканың категорияларын біледі, елдер мен аймақтардың географиялық кеңістіктегі рөлін анықтайды, геоэкономикалық дамуын салыстырады, геоэкономикалық жағдайды бағалайды.

БОН 9- Саяси географияның мәнін, негізгі түрлерін біледі, сыртқы және ішкі геосаясатты, әкімшілік-аумақтық бөлінуі мен аймақтық саясатын, саяси идеяларды талқылайды. Қалалық агломерацияларды салыстырады, қалалық дамудың стратегиялық бағыттарын талқылайды, талдайды.

БОН 10- Қоршаған ортаны қорғаудың жолдарын біледі, қоршаған орта экологиясының мәселелерін талқылайды, қоршаған ортаның экологиялық жағдайы мен тұрақтылығын болжайды, қоршаған орта мен адамның өзара байланыстарын жүйелейді.

БОН 11- Географиялық ұғымдар мен терминдерді, географиялық атаулардың мағынасын анықтайды, географияның оқыту құралдарын, топографиялық құралдарды, геодезиялық аспаптарды, геоақпараттық технологияларды, географиялық зерттеу әдістерін біледі, жіктейді, қолданады.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – Шаруашылық объектілерді орналастырумен, оларды ұтымды пайдалануымен және тұрақты дамуды түсінеді;

ПОН 2 – Табиғатты қорғау мәселелерін шешуде қоданбалы географияның мүмкіндіктерін біледі;

ПОН 3 – Табиғи аумақтық кешендердің өзгеру сызбасы мен геотехникалық жүйелердің қалыптасуын талдайды;

ПОН 4 – Қоғам мен табиғаттың өзара іс-қимыл мәселелерін шешуде, өндіріс пен халықтың аумақтық ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді.

Постреквизиттері: Педагогикалық зерттеулер негіздері

Таңдау компоненті 3

Пән: Физикалық және экономикалық зерттеу әдістері

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: **EGP – 6**

Модуль атауы: Экономикалық география пәндер

Пререквизиттері: Географияны оқыту әдістемесі

Мақсаты: Географиялық объектілерді, табиғи құбылыстар мен үрдістерді зерттеуде қолданылатын дәстүрлі және жаңа әдістердің мазмұны мен қолданылуы оларды қолданудың жолдары туралы білім қалыптастырады.

Қысқаша сипаттамасы: Пән географиялық білім беру мен географиялық зерттеулер жүргізуде географиялық зерттеу әдістерін қолданудың теориясы мен практикасын меңгертеді. Пән географиялық зерттеу әдістерінің мәні мен зерттеу нысандарын, негізгі және заманауи әдістерін оқытады. Студенттер географиялық зерттеу әдістерінің мәнін түсініп, географиялық әдістерді жіктейді. Тәжірибелік, эксперименттік, аналитикалық жұмыстарды жүргізуде географиялық әдістерді қолданады. Географиялық нысандарды, құбылыстарды, процесстерді зерттеу барысында географиялық жазбаларды құру, графикалық материалдарды алу үшін географиялық әдістер мен тәсілдерді пайдаланады. Жобаларды дайындап, талқылайды.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 4- География ғылымының теориялық негіздерін, жер шарына тән заңдылықтарды және олардың себептерін біледі, географиялық карталар мен пландарды жасайды, талдайды, картографиялық-геодезиялық өлшеу және далалық зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

БОН 11- Географиялық ұғымдар мен терминдерді, географиялық атаулардың мағынасын анықтайды, географияның оқыту құралдарын, топографиялық құралдарды, геодезиялық аспаптарды, геоақпараттық технологияларды, географиялық зерттеу әдістерін біледі, жіктейді, қолданады.

БОН 12- Географияны оқытудың инновациялық әдістерін және практикалық іс-әрекет тәсілдерін, критериялды бағалау жүйесін қолдана білуге қабілетті. Педагогикалық және географиялық тәжірибелерді меңгереді, зерттеулер нәтижесін кәсіби қызметінде қолданады.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 - географиялық зерттеулер жүргізуде географиялық зерттеу әдістерін қолданудың теориясы мен практикасын меңгертеді;



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ

6B01510 География

Элективті пәндер каталогы

ПОН 2 - Географиялық зерттеулердің заманауи әдістерін қолданады;

ПОН 3 - Географиялық әдістерді жіктейді;

ПОН 4 - Географиялық зерттеулер бойынша бақылаулар мен эксперименттер жүргізеді.

Постреквизиттері: Педагогикалық зерттеулер негіздері

Пән: Рекреациялық география

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: **EGP – 6**

Модуль атауы: Экономикалық география пәндер

Пререквизиттері: Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы, Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік географиясы

Мақсаты: Аумақтық рекреациялық жүйелердің қызмет етуі мен дамуын, рекреациялық ресурстарды, рекреациялық аудандарды түсіндіру.

Қысқаша сипаттамасы: Пән - аймақтардың рекреациялық ресурстары және олардың географиялық таралу заңдылықтары туралы білім қалыптастырады. Студенттер рекреациялық ұғымдар мен түсініктерді, рекреациялық ресурстарды тиімді пайдалану жолдарын біледі. Әлемнің әр түрлі аймақтары бойынша табиғи рекреациялық ресурстарды оларға әсер ететін географиялық факторларды сипаттайды. Әлемнің жекелеген елдері мен аймақтарындағы рекреациялық орындарды анықтайды. Рекреациялық ресурстардың ахуалын бағалайды. Рекреациялық қызметтің сапасын өзара салыстырады. Рекреациялық қызмет пен денсаулық сақтау жүйесін байланыстырады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 5- География ғылымының тарихын, негізгі мәселелерін, болашағын талқылайды, физикалық-географиялық жағдайды сипаттайды, табиғи аумақтық кешендерді және олардың орналасу ерекшеліктерін ажыратады, географиялық нысандар мен рекреациялық орындарды анықтайды.

БОН 7- Экономикалық-географиялық жағдайды сипаттайды, әлеуметтік-экономикалық дамуы мен рекреациялық қызметтің сапасын салыстырады, бағалайды, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жолдарын біледі, жіктейді, талқылайды, бағалайды.

БОН 10- Қоршаған ортаны қорғаудың жолдарын біледі, қоршаған орта экологиясының мәселелерін талқылайды, қоршаған ортаның экологиялық жағдайы мен тұрақтылығын болжайды, қоршаған орта мен адамның өзара байланыстарын жүйелейді.

БОН 11- Географиялық ұғымдар мен терминдерді, географиялық атаулардың мағынасын анықтайды, географияның оқыту құралдарын, топографиялық құралдарды, геодезиялық аспаптарды, геоақпараттық технологияларды, географиялық зерттеу әдістерін біледі, жіктейді, қолданады.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – Табиғи рекреациялық ресурстарды біледі;

ПОН 2 – Рекреациялық орындарды анықтап, рекреациялық қызметті ұйымдастырады;

ПОН 3 – Рекреациялық ресурстардың ахуалын бағалайды;

ПОН 4 – Рекреациялық қызметтің сапасын өзара салыстырады.

Постреквизиттері: Педагогикалық зерттеулер негіздері